

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 4 (44),
ақпан
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҒАСЫРДАН АСТАМ ТӘЖІРИБЕ тарих көшіндегі жаңашылдыққа жетелейді

(Басы. Жалғасы – 4 бетте)

Газетіміздің осы санынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерге: басқармалардың жылдық нәтижелеріне, жеткен жетістіктеріне, алдағы жоспарларына арналған материалдар топтамасын жарияламақпыз.

Доссор мұнайының өнеркәсіптік игеру жылнамасы 1911 жылғы 29 сәуірде №3 ұңғымадан мұнай бұрқағының атқылауынан басталады. Осынау жылдарда сахара сәнімен тіршілік құрған бабалар мұнайшылыққа төселіп, талай «тар жол тайғақ кешулерден» өтеді.

Сан жылдар болашағы бұлыңғыр саналған өлке өркен жайып, дамыды. Шындығында, бұйығып жатқан аймақты ұлы дүбірге қосқан, оның шырайын шығарған да, кең далада қала орнатып, дербес шаңырақ көтерген де – Доссор атты бұлақтан атқан сұйық алтынның құдіреті. Міне, сондықтан,

оқырмандарымызды ең алдымен, қазақ мұнайының «қарашаңырағы» саналатын, 110 жылға жуық тарихы бар «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бүгінгі тынысымен таныстыру мақсатында басқарма бастығы Серік Амангелдіұлы ӘБДИ-ЕВПЕН сұхбат ұйымдастыруды жөн санадық.



НӨМІРДІҢ АЙТАРЫ:

ЕМГ Басқарма төрағасы Е.ҚАЙЫРЖАН:
«Күнделікті жұмысымызда өндіріс адамының жағдайын алға шығаруымыз қажет. Олардың мүддесін қорғау, әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән беру көптеген мәселелердің түйінін тарқатуға мүмкіндік береді. Біз осыны ескеруіміз керек».

Еңбек қауіпсіздігі

ЕМБІДЕ ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

(Басы. Жалғасы 3-бетте)

«Ембімұнайгаз» АҚ – өңірдегі басты жетекші мұнай-газ кәсіпорны. Қызметкерлердің қауіпсіздігін ең бірінші орынға қоятын компанияда 14-ақпан күні жұмыс беруші мен жұмысшылар тарапынан кәсіподақ комитетінің өзара келісімімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті

қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылып, құрамы бекітілді.

Қазақстан Республикалық Еңбек кодексінің 203-бабында көрсетілгендей, ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес әр өндірістік мекемеде болуы міндеттелген.

«Самұрық-Қазына» Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды

2020 жылғы 6-ақпан күні жалпы дауыс беру арқылы «Самұрық-Қазына» ҰАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Джон Дудас сайланды.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Қазақстан Республикасының Премьер-министрі «Самұрық-Қазына» ҰАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болған.

2018 жылы мамырда қабылданған «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қордың директорлар Кеңесінің құрамынан кетті.

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз ди-

ректорлардың арасынан көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Бұл жаңашылдықтар 2018 жылдың сәуірінде Елбасы мақұлдаған Қордың жаңа даму стратегиясына, сондай-ақ реттеуші функцияларынан меншік иесі ретінде мемлекеттің функцияларын нақты бөлуді көздейтін мемлекет қатысатын компаниялар үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Қордың Директорлар кеңесі 7 мүшеден тұрады, олардың 4-уі тәуелсіз директорлар: Онг Бун Хви, Қайрат Мәжібаев, Джон Дудас және Альпер Акдениз, сондай-ақ, Президенттің көмекшісі Қанат Бозымбаев, Ұлттық экономика министрі Руслан Даленов және Қор төрағасы Ахметжан Есімов. **Е**

www.sk.kz

Стратегия цифровизации КМГ на старте



приоритезированы цифровые решения с точки зрения сроков и важности их внедрения. При этом важно обеспечить поддержку Корпоративной стратегии и достижение стратегических целей КМГ через цифровизацию.

К реализации проекта по подготовке Стратегии приступил блок трансформации и цифровизации КМГ совместно с консалтинговой

компанией KPMG. Было отмечено, что на первом этапе предстоит провести анализ цифровой зрелости «КазМунайГаза».

Как отметил председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев, данный документ должен не просто дать целостное видение по цифровому продвижению компании, но и стать действенным инструментом, где расписаны все этапы автоматизации производства и

вой компанией KPMG. Было отмечено, что на первом этапе предстоит провести анализ цифровой зрелости «КазМунайГаза».

На втором этапе начнется непосредственно разработка Стратегии цифровизации. Финальным этапом проекта является разработка Дорожной карты цифровизации, которая должна завершиться в мае текущего года. **Е**

www.munailymeken.kz

Ембі жаңалықтары

Зерттеу жұмыстарының қорытындысы сараланды

2010 жылдан бастап «КазМунайГаз» ҰАҚ (КМГ) мен Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы бірлесе отырып, «Жоғары өнімділік мәдениет» бастамасын іске қосқан болатын. Бастаманың аясында жылына бір рет КМГ-ға қарасты ірі тау кен компанияларының өндіріс алаңдарында Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығының қызметкерлері жұмысшылармен кездесіп, сауалнама жүргізіліп келеді. Өткен аптада 2019 жылғы жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-да (ЕМГ) жиналыс өтті. Оған ЕМГ басшылығы, Компанияға қарасты барлық басқармалардың басшылары, әлеуметтік саясат саласы мен қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу саласының жауапты мамандары қатысты.

2019 жылы жүзеге асқан зерттеу жұмыстарының қорытындысымен қысқаша таныстырған КМГ Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасанов жұмысшылар арасында сауалнама жүргізудің маңыздылығына баса мән берді. «Ұжымдағы келеңсіз жәйттардың алдын алудың бір тетігі – қарапайым еңбек адамдарымен ашық әңгіме құруда, ақпаратты оларға дұрыс жеткізе білуде. Жұмысшы мен басшы арасындағы өзара байланысты жандандырудың маңыздылығын ескеру өзекті» деген Д.Хасанов бұл орайда КМГ бойынша жол картасы жасалып жатқандығын атап өтті.

Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация ор-

талығының қызметкерлері Ембі өндірісіндегі өндірістік қатынастар мен әлеуметтік тұрақтылық индексі бойынша нақты статистикалық деректерге тоқталды. Аталмыш орталықтың мамандары 2019 жылы Ембі өндіріс алаңдарында 21 рет кездесу өткізіп, әр деңгейдегі мамандарды қамтыған. ЕМГ жұмысшыларының 74 пайызы, мамандардың 21 пайызы және 5 пайыз басшылар құрамы сауалнамаға тартылған. Сауалнамаға қатысқан ұжымның 92 пайызы осы компанияда еңбек ететіндіктерін мақтан тұтса, 76 пайызының айлық жалақыларының көлеміне көңілдері толады екен.

Жиын барысында сауалнама кезінде жұртшылықты көбірек алаңдатқан мәселелер де аталып өтті. Олар: жұмысшылардың еңбектеріне орай марапатталуы, күнделікті жұмыстарына қатысты арнайы курстардан өтуі, көрсетілетін әлеуметтік көмектердің баршаға бірдей деңгейде болуы (мәселен, жеңілдетілген пайыздық үстемемен берілетін несиелер), өндіріс киімдерінің сапасына қатысты, жұмысқа орналасу т.б. мәселелер.

Жиынды қорытқан ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан алдағы уақытта өндіріспен тығыз байланысты жұмысты өзекті санайтындығын атап өтті.

– Күнделікті жұмысымызда өндіріс адамының жағдайын алға шығаруымыз қажет. Олардың мүддесін қорғау, әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән беру – көптеген мәселелердің түйінін тарқатуға мүмкіндік береді. Біз осыны ескеруіміз керек, – деді Басқарма төрағасы Е.Қайыржанұлы. **Е**

Асқаралы 60 жасымен құттықтады



«Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы Мәлік Мұхышұлы Жүнісов 60 жасқа толды. Орталық бас кеңседе өткен жиында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мерейлі жас иесін құттықтап, «КазМунайГаз» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевтың атынан бас компанияның Құрмет грамотасымен және Ембінің Алғыс хатымен марапаттады.

– Сіздің өмір жолыңыз Ембі өндірісімен бірге өрілген. Өндірісте операторлықтан бастап, барлық сатыдан өтіп, бүгінде басқарма басшысына дейін көтерілдіңіз. Сіз кәсіби маман ретінде ұжым арасында үлкен беделге иесіз. Ал, іскерлік қабілетіңіз жас мамандарға қашанда үлгі. Мерейлі жасыңыз құтты болсын. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілеймін, – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

Мәлік Мұхышұлының еңбек жолы Ембі өндірісінің дамуымен қатар өрбиде. Ол қазақ елінің мұнай-газ өндірісін дамытуға сүбелі үлестерін қосқан та-

лай майталман мұнайшы мамандардың түлеп ұшқан ортасы – Қазақ политехникалық институтын тәмамдаған соң, «Ембімұнайқұрылыс» тресіне қарасты кірпіш цехының жұмысшысы ретінде еңбек жолын бастады. Содан бері қазақ мұнайының «қара шаңырағы» Ембі өндірісінің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар кәсіби маман, білікті басшы болды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жер асты жөдеу бригадасының операторы, Забурын кен алаңы мұнай-газ өндіру цехы басшысының орынбасары, Забурын, Қамысты кен алаңдарындағы мұнай-газ өндіру цехының басшысы, өндірісті жедел басқару цехының басшысы, облыстағы іргелі ұжым «Сазанқұрақ» ЖШС, «Каспиан Петролеум Компани» ЖШС-нің басшысы, «Светланд-Ойл» ЖШС мұнай-газ өндіру департаментінің директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті жедел басқару департаментінің директоры, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысы болып өзіне жүктелген түрлі лауазымдарды абыроймен атқара білді. **Е**

Ембіде өндірістік кеңес құрылды

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті екі жылда бір рет мерзімділікпен ротациялық негізде жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің арасынан кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқаруы тиіс. ЕМГ кәсіподақ комитеті Кеңес төрағалығына ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Махмұдұлы Қасымғалиевтың кандидатурасын ұсынып, кеңес мүшелері бірауыздан қолдады.

— Өндірістік кеңестің қызметі жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мәселелерінің айқындылығы үшін негіз болады және еңбек жағдайлары мен өндірістік жарақаттардың алдын-алуды қоғамдық бақылау рөлін күшейтеді, — деді жиын барысында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитеті төрағасы Мәлік ОРЫНҒАЛИЕВ.

Кеңестің құрамы бекітіліп, 148 техникалық инспекторлардың канди-



датуралары бойынша одақтың ұсыныстары қаралды. Келесі отырыста кеңес қызметі туралы техникалық регламенттер, техникалық инспекторлардың құқықтары, жұмыс регламенттері және т.б. мақұлданатын болды. Заң аясында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі делінген. Осы бағытты ұстанған кеңес мүшелері еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі арнайы мамандармен ақылдаса отырып, келесі кеңес жиынында айқындалмақ. Қауіпсіздікті, әділдікті берік ұстанған ембіліктер үшін бұл кеңес көп іске үлгі болатынына сенімдіміз. **Е**

Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 31 жыл

«Ұрпаққа үлгі болған ерлік» атты Компанияның бас кеңсесінде өткен шарада ембілік – Ауған жауынгерлеріне құрмет көрсетілді

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде КСРО әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанының 31 жылдығына арналған «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Оған Компания басшылығы, Орталық аппараттың ұжымы, өндірістік құрылымдық бөлімшелерде еңбек етіп жатқан Ауған жауынгерлері қатысты.



Шараның ашылу салтанатында сөз алған Басқарма төрағасы Есен Қайыржан бүгінгі таңда Ауған соғысының жаңғырығы, оның зардабы туралы қысқаша тоқталып өтті.

— Ауған соғысы — тарихтағы екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі ауыр да зардабы мол соғыстың бірін саналады. Бүгінгі таңда Компанияда еңбек етіп жатқан 15 Ауған жауынгері сол соғыста қаһармандықтың тамаша үлгісін таныта білді. Олардың ерліктерін жоғары бағалаймыз, Ауған жауынгерлері айтқан соғыс зардаптары туралы естеліктері бейбіт өмірдің бағасын арттыра түседі. Ерлік пен батыллықтың арқасында бүгінде бейбіт қоғамда өмір сүріп, еңбек етуге мүмкіндік алып отырмыз, — деп атап өтті өзінің кіріспе сөзінде Басқарма төрағасы Есен Қайыржанұлы.

Салтанатты жиында Ауғанстан жеріндегі соғысқа Атырау облысы бойынша қатысқан жауынгерлер туралы арнайы дайындалған деректі

фильм көрсетіліп, соғыс құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Бүгінде интернационалист жауынгерлер-ембіліктер Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз», «Жылыой-мұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары мен «ӨТҚЖЖК», «Ембімұнайэнерго» құрылымдық бөлімшелерінде еңбек етуде. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017-2021 жылдар аралығында бекітілген Ұжымдық шартына сай Ауған жерінде интернационалдық борыштарын абыроймен атқарып келген жауынгерлер әлеуметтік пакеттермен, медициналық сақтандырумен, материалдық төлемдермен толықтай қамтылып отыр. Мұның өзі отандық мұнай өндіруші компанияның еңбек адамының әлеуметтік жағдайын әрқашан биік ұстайтындығын дәлелдесе керек. Бұл жөнінде «Ембімұнайэнерго» басқармасы қауіпсіздік қызметінің ин-

спекторы, Ауған жауынгері Бейімбет Үлкенбаев компания басшылығы тарапынан әркез қолдау көрсетілетінін атап өтті.

— Сол 10 айға жуық уақытқа созылған соғыста өздеріне жүктелген азаматтық борыштарын абыроймен атқарып келген Ауған жауынгерлерінің бүгінде компания тарапынан толықтай қолдауға ие болып отырғаны — оқ пен оттың ортасынан аман-есен елге оралған кешегі жауынгердің ерлігіне көрсетілген құрмет, — дейді Бейімбет Нариманұлы.

Салтанатты шараның құрметті қонағы ретінде арнайы шақырылған «Ауған соғысы ардагерлері» Атырау облыстық кеңесінің төрағасы Ғабиден Қайыржанов та аталмыш шараның маңыздылығына тоқталды.

— Бүгінгі жас мамандар арасында тәрбиелік маңызы зор мұндай шараларды ұйымдастыру елімізде дәстүрге айналған. Ерлікті, қаһармандық

пен қайсарлықты әрқашан алға қоятын «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы да жыл сайын әр түрлі форматта Ауған жауынгерлерімен кездесулер өткізеді. Сол арқылы тарихта болған қандай да соғыс болмасын, ол ұмытылмауға тиіс, бүгінгі ұрпақ соғыс салған зардаптарды біліп өсулері керек деген ойды түйіндей түседі, — деген Ғабиден Қайыржанов Ауған соғысы кезінде ерлікке толы жорықтарымен танымал болған «Мұсылмандар батальоны» туралы ерекше тебірене әңгіме айтты. Оның бүгінде аты аңызға айналған қазақстандық жауынгер — «қара майордың» ерлігін бүгінгі жас ұрпақ ұмытпауы тиіс, ерлік ұрпақтан-ұрпаққа жетуі керек деген ойын залға жиналғандар ыстық ықыласпен тыңдады.

Бұдан соң шара Компания мамандарының күшімен дайындалған мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. **Е**



ҒАСЫРДАН АСТАМ ТӘЖІРИБЕ

тарих көшіндегі жаңашылдыққа жетелейді

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



– **Серік Амангелдіұлы, ең алдымен, басқарманың өткен жылғы қорытындысы туралы айтып өтсеңіз. Жылды қандай жетістіктермен аяқтадыңыз?**

– Мұнайды өндіру коэффициентін арттыру мақсатында өнімді көбейтудің сан алуан әдістерін қолдану дамыз.

Басқармаға тиесілі кен орындарының ескілігін ескере отырып, мұнайшы мамандарымыздың 100 жылдан артық тәжірибелерінің арқасында қордағы бар ұңғымалармен жұмыстарды қайта жаңғыртып, мұнай өндіру деңгейін қалыпты ұстау дамыз.

Сонымен қатар, жөндеуаралық кезеңді көбейту үшін өндіріске жаңа технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Соның ішінде, парафинді шөгінділерге қарсы ұңғымаларға қырғышы бар шыбықтарды және ішкі жағынан эмальмен қапталған сораптық-компрессорлық құбырларды пайдаланып келеміз.

– **«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының көп жылдардан бері ең өзекті мәселесі өндірісішілік автокөлік жолдары болатын. Осы бағыттағы қолға алынған шаралар қандай?**

– Өзіңіз білетіндей, аймақтың ерекшелігіне байланысты «Доссормұнайгаз» басқармасына қарасты кен орындары сорлы жерлерде орналасқан. Өңірде өндірісішілік автокөлік жолдарының дамуы өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда Шығыс Мақат кен орнында 15,6 шақырым және Ботахан кен орнында 7,3 шақырым автокөлік жолдарын салу жобалары дайындалуда, 2021-2022 жылы аталған жобалар іске асырылады.

– **Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Доссормұнайгаз» МГӨБ 377 күн бойы жазатайым оқиғасын болдырмай, топ бастаған алғашқы үштікке кірді. Табыстың сыры неде?**

– Иә, өндірістік құрылымдарда еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға барлық жағдайлар жасалуда. Атап айтсақ, қызметкерлердің арнаулы киімдері мен қорғаныс құралдарының сапасының жақсаруы, цехтарда еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік инженерлері өндіріс басында жұмыс процестерін жіті қадағалап, әрдайым бақылауда ұстауларының, әр көліктің сапасының жиі тексерілуі және жүру жылдамдығының бақылауда ұсталуы, қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулардың жиі өткізілуінің үлкен септігі бар деп есептеймін.

Бұған қоса, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ саясатымен басшылыққа алынатын «8 алтын ереже», жұмыстар және көлік жүргізу қауіпсіздігі бойынша іс-қимылды бақылау шаралары үлкен нәтиже көрсетуде. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, қазіргі таңда жұмысшылардың өндірістегі қауіптіліктің алдын алуға деген жауапкершілігінің артуы деп білемін. Өйткені, Компанияның Даму тұжырымдамасында көрсетілгендей, адам өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық. Сондықтан, әрбір жұмысшы аман-есен отбасымен қауышуы үшін бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба береді.

– **Мұнай-газ өндіру басқармасында жүзеге асып жатқан жобалардың тиімділігі жайында айтып кетсеңіз.**

– Өндіріске тиімділігін дәлелдеген жобалардың бірі – 2013 жылы іске қосылған Шығыс Мақат кен алаңындағы газды дайындау бөлімшесі. Жобаның мақсаты ілеспе газдың ауаға шығарылуын азайту болып табылады.

Компрессорлық қондырғының көмегімен ілеспе газды тазарту және сусыздандыру арқылы дайындалған газды Мақат, Сағыз елдімекендеріне, «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ және Шығыс Мақат, Солтүстік Жолдыбай кен алаңдарының өндірістік қажеттіліктеріне жеткізіп, тиімді пайдаланудамыз.

Жоба бойынша газ дайындау бөлімшесі жылына 40 млн текше метр тауарлы газ дайындайды. Қазіргі таңда айлық жоспарымыз 1,2-1,3 млн текше метрге тең.

– **Өткен жылы Алтыкөл кен орнындағы жатақханада өрт орын алғаны белгілі. Осы мәселені шешу, атап айтсақ, жұмысшыларды орналастыру, асхана мәселесін шешу үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр? Болашақта қандай жоспарлар бар?**

– Алтыкөл кен орнындағы жатақханада түн мезгілінде өрт орын алған кезде адамдар қауіпсіз аймаққа өздіктерімен шықты. Жарақаттанған адамдар болған жоқ. Алтыкөл кен орны жұмысшыларының жағдайларын жасап, жылы жерге орналастыру, түскі аспен қамтамасыз ету сол күні жедел жүзеге асырылды. Бұрынғы Комсомол елдімекені аумағында орналасқан мұнай дайындау және айдау пункті қызмет етеді. Сол аумақта ауылдың бұрынғы мектебін жұмысшыларға арналған жатақхана ретінде пайдаланып, 70 адамға арналған жатын орындар дереу дайындалды. Барлық тұрмысқа қажетті заттар тез арада жеткізіліп, асхана да сол жерден ұйымдастырылды. Ерлер мен әйелдерге арналған жуыну бөлмелері, жаңадан вакуумды сорап орнатылып, су жылытатын қазандықтар орнатылды. Комсомол ауылы мен Алтыкөл кен орнының арақашықтығы шамамен 35-38 шақырымды құрайды. Жол сапасы да нашар. Дегенмен, жұмысшылар түсіністікпен қарауда. Жұмысшыларды жұмыс пен жатақхана арасына көлікпен тасымалдап отырмыз.

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы тарапынан бұл жағдайды шешудің маңыздылығы ескеріп, қажетті қаражат бөлінді. Жаңадан 50 орындық модульді жатақхана мен 30 орындық асхана салуға жұмыстары басталды, жатақхана жоспар бойынша 2020 жылдың наурыз айында салынбақшы.

– **Сіз басқарып отырған аймақ – негізінен байырғы кен алаңдары қатарында. Өнім өндіру**

тұрақтылығын қамтамасыз етуде жаңа технологияның алар орны өзекті маңызды. Компанияның бүгінгі таңда батыл қолға алып отырған бағыты – трансформациялау. Бұл орайда не айтасыз?

– Өнім өндіру тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында бұрын басқармада қолданылмаған геологиялық-техникалық іс-шараларды енгізу жұмыстары атқарылуда. Сондай жұмыстардың бірі – гидравликалық қысыммен жер қойнауын жару жұмыстары нәтижесінде өндіруші ұңғымаларға жаңа серпін беріліп, қосымша өнімнің ұлғаюына себеп болды. Сонымен қатар, өткен жылы өнімді ұлғайтуға арналған жаңа технологиялар өндірістік сынақтан өткізілді. Оларға мұнайлы қабаттың сулануын тежеу мақсатында арнайы полимерлі қоспаларды айдау, ұңғымалардың өнімін арттыру жолында тербелмелі толқындармен әсер ету жұмыстары жатады. Аталмыш жұмыстардың тиімділігі есептелген соң, болашақта қажеттілігіне сай тапсырыс беруге болады.

2019 жылы Шығыс Мақат кен орнында үдерістерді автоматтандыру, оңтайландыру, сондай-ақ, жұмыс тиімділігін жоғарылатуына бағытталған іс-әрекеттерді сандық кен орны форматына көшіру жұмыстары бастап қолға алынды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта басқа кен алаңдарында да жалғасын табады. Өйткені, жүзеге асып жатқан бұл жұмыстардың жарқын нәтижесін көріп отырмыз.

– **Биылғы жылға қандай жоспарлар бар? Өндіріске жаңа серпін беретін қандай жобалар жүзеге аспақшы?**

– Жоспар, әрине, көп. Соның ішінде, басқармаға қарасты кен алаңдарының ескі болуына байланысты қорларды өсіруге баса мән берілмекші. Өткен жылы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботахан кен орнында 1 млн 600 тоннадай мұнай қоры анықталды. Биыл Шығыс Мақат кен орнында қорды қайта есептеу жұмыстары жүргізіледі. Бұдан да қосымша қор аламыз деген үміт бар.

Сонымен қатар, жаңа ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарына 7 ұңғыма қаралған. Соның ішінде бесеуі Шығыс Мақатта жүзеге аспақ.

2021 жылы «Доссормұнайгаздың» құрылғанына 110 жыл толады. Уақыттың өзі айтып тұрғандай, көптеген кен алаңдарымыз, соның ішінде, Алтыкөл, Байшонас, Қарсақ, Солтүстік Жолдыбай кен алаңдары тиімсіз болып есептелуде. Дей тұрғанмен, мұнда еңбек етіп жатқан жұмысшыларымыздың алдында әлеуметтік міндеттемелерді орындауымыз керек. Сондықтан, геологтарымыз, мұнайшыларымыз жұмыстанып, ізденіп жатыр. Нәтижелі болады деп есептейміз.

– **Сұхбатыңызға рахмет! Басқарма ұжымына табысты еңбек тілейміз! E**



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ немесе Ауған соғысының ардагері Оңберген Кушекбаев туралы

Ауған соғысының аяқталғанына биыл 31 жыл толды. 9 жыл 10 айға созылған бұл соғыс Кеңестер Одағы Қарулы күштерінің Ауғанстан жеріне басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған еді. 1979 жылдың 27 – желтоқсанында кеңес әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, шет елдің аумағында 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді. Бұл соғыста қазақстандықтардың да үлесі зор болды.



деп ұсыныс жасайды. Ол да бірден келіседі. Сөйтіп, Оңберген 1987 жылдың 1-тамызына дейін әскери бо-рышты сол Айбат жерінде өткізді.

Күндіз – декхан, түнде – душман

– Сол кезде Кеңес үкіметі бензин, солярканы құбыр арқылы Пули-Хумри қаласына дейін, ал, әрі қарай «КамаЗдар» арқылы жеткізетін. Ал, бұл құбыр Кеңес әскері жүретін «Дружба» трассасы бойымен өтеді. Айбаттағы гарнизонда бізге жүктелген басты міндеттің бірі – сол құбыр бойын 24 сағат бойы күзету, ұрлықты болдырмау және «зеленканы» (тоғайды – ред.), каньонды бақылау. Бізді тәжірибесі басымырақ деп түнгі күзетке шығарды. Өйткені, ұрлық, қастық шаралары, әсіресе, түн мезгілінде жиі орын алатын. Яғни, жергілікті халық күндіз – декхан болып, (шаруа – ред.) күрекпен шаруасын жасаса, түнде – душман болып, қолына мылтығын алады.

Тауда тұрғанда арғы беттен «Ей, Ленин атаның балалары!» деп бізге айқайлап, түрлі сөздерімен бізді қорқытпақ болып, әсіресе, Кеңес үкіметі тойлайтын 1-мамыр – Еңбек күні, 9-мамыр – Жеңіс күні және 7-қараша – Қазан революциясы күндері бізге түрлі «то-сынсыйлар» ұсынып тұрады: құбырларды жарады, өрттер ұйымдастырып немесе гарнизондарға шабуылдар жасайды. Қайткенмен де, Кеңес әскерлеріне мерекелерді тыныш тойлаттырмауды көздеді. Дегенмен, біз, ең бастысы, трассаға жақындамау, бензин ұрламау, бізге қастандық жасамау жөнінде жергілікті халыққа түсіндіруге тырыстық, – дейді Оңберген Кушекбаев.

«Батыр майданда шынығады»

Жау салғырттықты кешірмейді. Сондықтан, майдан даласына аяқ басқан соң әрбір жауынгер ойы мен ісі ұдайы ұштасатын, өз ісінің хас шебері болумен қатар, жан-жақты да болуы керек.

«БТР-щик болғаныммен, гарнизондағы техниканың барлығын – танкті де, БМП-ны да басқарып, барлық ату-жарақтарын пайдалана білу керек. Өмір сүргің келсе, бәрін де үйренесің. Майдандағы өмір талабы сондай. Автомат – үнемі жанымызда жүретін серігіміз. Сондай-ақ, үнемі бірге «атаулы» РГД-5 гранатасын алып жүрдік. «Атаулы» деп аталуының себебі, ең соңғы уақытта жаратын граната – бұл. Егер жау қолына тұтқынға түсе қалсаң, осы гранатаны пайдаланып,

өміріңді қиюға тура келетін сәттер болады. Жауынгер сол жағдайдың бәріне де дайын болуы керек», – дейді әріптесіміз.

Бірде жауынгерлік барлаумен айналысатын «ерекше бөлімнен» екі адам келе жатқаны жөнінде хабарлама түсті. Кеңес жауынгерлері барып қараса, әкесі мен 13-14 жастағы баласын көреді. Қолдарында ұрланған бензин құйылған канистрлері бар. Кеңестік әскерлер оларды ұстап, «ерекше бөлімге» тапсырды. Ал, олар өз тараптарынан жергілікті полициямен бірігіп жұмыс жасайды.

Араға бірер күн салып, ауыл үлкендері кеңестік әскерлерді өз армияларына қонаққа шақырды. Батальон командирі бастаған топ ауыл үлкендерінің ықыласына, көңілдеріне деген сыйластықпен қонақ ретінде барса, әлгі ұсталған бала жастығына қарамастан өз армиясына әскерге алынған. Екі тарап келіссөздер жүргізіп, Кеңес жауынгерлері жергілікті халықты тыныш болуға шақырып, өздері да ешкімге тиіспейтіндерін жеткізеді. Міне, содан кейін майдандағы өмір біраз тынышталды.

Мұнайшылыққа қадам

Елге оралған соң кейіпкеріміз бір жыл телефон стансасында бір жылдай жұмыс жасап, ауыл шаруашылығы техникумын бітіреді. Алайда, сол тұста ауыл шаруашылығы совхоздары жабылып, Оңберген Кушекбаевқа Мұқырдан кері ауылға оралуына тура келеді. Сөйтіп, 1990 жылы Қошқар кен орнына жерасты жөндеу операторының көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Кейін слесарь, Солтүстік Жолдыбай, Шығыс Мақат, Қошқар кен орындарының мұнай дайындау және айдау цехтарында оператор болып еңбек етті. 2010 жылы Қошқар кен орнында мұнай және газ өндіру шебері болып, сол тұста алғаш рет қайталама перфорациялау әдісін қолданып, кен орынның «екінші тынысын» ашуға атсалысты. Бұдан соң Шығыс Мақат кен орнына оралып, қазіргі таңда мұнай және газ өндіру операторы болып еңбек етуде.

– Шынтұайтқа келгенде, қазіргі ұрпақ бұл соғыс туралы көп біле бермейді. Ал, елдің ертеңі үшін болған Ауған соғысы, жауынгерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмауы керек. Ол болашақ ұрпаққа міндетті түрде жетуі тиіс деп есептеймін. Әкем де – Ұлы Отан соғысының ардагері. Сол үшін де жастармен болатын кездесулерден қалмауға, бірге баруға тырысатынбыз. Отанын қорғаған азаматтардың ерлігін осылай ертеңгі күнге жеткізуге атсалысып жүрмін, – дейді Оңберген Кушекбаев. **Е**

Тарихи деректерге назар аударсақ, жалпы саны 620 мың Кеңес әскері Ауған жерінде бейбітшілік орнату үшін қатысып, 15 мыңға жуығы қаза тапты, 417 жауынгер із-түссіз жоғалды. Елімізден 22 мың отандасымыз аттанса, оның 761-ге жуығы құрбан болды, 21-і хабар-ошарсыз кеткен. Ал, 19 мыңға жуық жауынгер елге аман-есен оралған. Ауған жеріндегі соғыстың бел ортасында болып, елге оралған жауынгердің арасында ембіліктер де бар. Бүгінгі әңгімеміз әріптесіміз, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен алаңының мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты операторы Оңберген Кушекбаев жайында.

Қошқар ауылында туып-өскен Оңберген Кушекбаев аталған ауылда 8 жылдық мектепті бітірген соң, қалған екі оқу жылын Доссордағы С.Шәріпов мектеп-интернатында жалғастырады. 1985 жылы әскер қатарына шақырылып, алдымен Душанбеде болып, кейін Курган-тюбе деген жерде 2 ай оқу-жаттығудан өтті. Бұдан кейін Ауғанстанға жол тартқан.

– Сол кезде менің жасым 18-де болатын. Ештеңеден қорықпайтын, алаңдамайтын кезіміз ғой. 27 адам А-20 жолдамасын алып, өз еркімізбен бірауыздан Ауған жеріне аттандық. Алдымен, бір айдай уақыт бойы дайындықта болып, кейін бізді әртүрлі гарнизондарға бөліп тастады. Мені мотоатқыштар жаяу әскері гаризонына БТР жүргізушісі етіп жіберді. Нысандарды күзету үшінші батальонында Хайратон әскери базасын бір жылға жуық уақыт бойы күзеттік, – дейді О.Кушекбаев бізбен әңгімесінде.

Көліктер паркінде тұрған кезде граната атқыш взводтағы Сергей Власов есімді алматылық жігіт Оңберген Кушекбаевқа келіп: «Мен 3 жаңа БТР көлігін алып жатырмын. Қасыма мықты механиктер керек. Сенің техниканы жақсы меңгергенін байқалып тұр. Айбаттағы біздің гарнизонға шақырсам, келісесің бе?»



Ардагер мұнайшылар бас қосатын орталық болады

Мақсым Ізбасов, ардагер мұнайшы, «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Атырау облыстық Филиалының директоры:
«АРДАГЕР МҰНАЙШЫЛАР БАС ҚОСАТЫН ОРТАЛЫҚ БОЛАДЫ»



Еліміздің мұнай-газ саласын дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары, отын-энергетикалық кешенін дамыту жөніндегі жобалар бойынша ұсыныстар дайындау, осы бағыттағы ғылыми жұмыстарды жандандыру шараларына да бірлестік мүшелері үлес қосып отырады. Сонымен қатар, әрине, өмірінің бар саналы ғұмырын мұнай-газ секторының дамуына арнаған ардагерлерді қамқорлыққа алу, қолдау да назарымыздан тыс қалмайды. Енді сұрағыңызға көшсем.

Біз – мұнайшылармыз, бізді Ембінің бүгінгі мен ертеңгісі бей-жай қалдырмайды. Бүгінгі өндіріс, әрине, біз еңбек еткен кезеңнен анағұрлым алға кетіп барады. Технология да жаңа, әдістер де заман талабына сай. Ембіде игеріліп жатқан кеніштердің біразы өнім өндірудің соңғы сатысында тұрған байырғы кен алаңдары екені баршаға мәлім. Алайда, өнім қоры түгесілді деуге әлі ерте. Байырғы кеніштердің өзінде толық игерілмей жатқан мұнай қабаттары бар. Сол қабаттардан әлі де өнім игеруге болар. Міне, ардагер мұнайшылар өзіміздің мұнай-газ саласында жиган мол тәжірибемізді осы бағытқа бұрғымыз келеді. Бұл орайда, ардагер мұнайшылар өздерінің кәсіби тұрғыдағы тағылымын бүгінгі мамандарға көрсете алса, жас мамандарымызға үйрете алса, мақсатымыздың орындалғаны.

Осы жерде айта кеткім келгені, бүгінде Ембі өндірісінде кең қолға алынып жатқан жобаның бірі – Дуалды оқыту бағдарламасы. Біздің филиал осы бағдарламаға ерекше мән береді. Дуалды оқыту жүйесі – бүгінгі таңдағы теорияны өндіріспен ұштастыра оқытудың озық технологиясы. Бұл орайда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жақсы тәжірибесі бар. Компания Атырау облысындағы төрт бірдей оқу орнымен байланыс орнатып, отандық мұнай-газ саласына білікті мамандар даярлауға үлес қосады. Осы жерде алға қойып отырған тағы бір мәселе – тиімсіз деп табылған кеніштердегі игерілмей қалған өнімді толық алғымыз келеді. Бүгінде Ембі өндірісінде тиімсіз деген бүгінде консервацияда тұрған 13-ке тарта кеніш бар. Өнім бір ғана қабаттан емес бірнеше қабаттан игерілетін кен алаңдары бар. Мұнай горизонттары толықтай игерілмегендері де бар. Сол кеніштерді толық игеруде дуалды оқыту бағдарламасымен оқып жатқан болашақ мұнайшы жастармен байланыс орнатпақшымыз. Студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алса, біз консервациядағы кеніштерге екінші тыныс беруге жұмыстанады. Қайтадан мұнай өнімін арттыру жұмыстары бола ма, оны тереңірек ақылдасамыз. Бүгінгі таңда мұндай кеніштерде жұмыс істеуге құлшыныс білдірген ардагер мұнайшылар табылып отыр. Сонымен қатар, мұнай-газ кешені өндірісінің проблемалық мәселелерін шешуге де атсалысу ойымызда бар. Тек өндіріске қатысты емес, еңбек ұжымындағы ішкі ахуалдың жақсы болуы, ұжым ішілік татулықтың орны алуы – біздің

бірлестіктің үнемі назарда ұстайтын мәселесінің бірі.

– Бірлестіктің орталық кеңсесі қайда орналасқан? Оның құрамына кімдер мүше болып кіре алады?

– Бас кеңсеміз Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Бірлестіктің жұмысына басшылық ететіндер: құрылтайшылар Кеңесі мен бірлестік Кеңесі. Кеңес жұмысына майталман мұнайшы, Қазақстанның Еңбек Ері, академик, профессор Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы төрағалық етеді. Қоғам қайраткері З.Алшымбаев бірлестіктің бас директоры болса, мұнай-газ саласын ұзақ жылдар басқарған ардагер И. Бирманов атқарушы директор болып сайланды.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің тоғыз филиалы бар. Олар бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе мен Атырау облыстарында орналасқан. Еліміздің мұнай-газ саласында 20 жылдан жоғары еңбек еткен әрбір адам осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі бола алады.

– Филиал қаржы-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыра ала ма?

– Қаржы-шаруашылық қызметтің жүзеге асу шегі бекітілген. Егер қаражат көлемі 1 миллион теңгеге дейін болса, филиалдың өздігінен қаржы-шаруашылық шараларын ұйымдастыруға құқығы бар. Егер қаражат көлемі 1 миллионнан 3 миллион теңгеге дейінгі көлемде болса, филиал мұндай шараларды Қоғамдық бірлестіктің бас директорының жазбаша келісімімен жүзеге асырады. Егер қаражат көлемі 3 млн. теңгеден жоғары болса, Қоғамдық бірлестік кеңесімен алдын ала келісу рәсімі жасалу қажет.

– Нәтижесін тапқан іс-шараларға тоқталсақ? Қандай шараларға үлес қосып жатырсыздар?

– Қазақстандық мұнайшылар үшін 2019 жылдың басты оқиғаларының бірі – Қазақстан мұнайшының 120 жылдық шарасы өтті. Салтанатты шараға мұнайшы ардагерлер де өздерінің қал-қадірлерінше үлес қосты. Осы шараның аясында Атырау мұнай-газ университетінде еліміздің батысындағы көптеген кен алаңдарының ашылып, игерілуінде зор үлесі бар Сафи Өтебаевтың ескерткіші ашылды. Қазақ мұнай-газ кешенінің негізін қалаушылардың бірі Сафи Өтебаевқа көрсетілген құрметті барша майталман мұнайшыларға жасалған ілтипат деп түсінеміз.

Қазақстан мұнайшының 120 жылдығы аясында ұйымдастырылып, 250-ге тарта делегат пен қазақстандық және халықаралық мұнай-газ компанияларының басын қосқан «Қазақстан мұнайы: кеше, бүгін және келешекте» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда ардагерлер

өздерінің пікірлерін де ортаға салды. Еліміздің мұнай-газ саласының ардагерлері өзге елден келген әріптестерімен, бүгінгі жас мамандармен, студенттермен пікір алмасуларға мүмкіндік алды. Біз диалог алаңына үлес қосқанымызға өте қатты қуандық. Жалпы, бүгінгі қоғамға керегі осындай консультативтік кеңестер алаңдарын жиі ұйымдастыру деп ойлаймыз. Өткен жылдың соңында, Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында жас мамандар арасында майталман мұнайшы Р.Шырдабаевпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуде тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдердегі қиындықтар, еліміздің мұнай-газ саласының дамуы туралы емен-жарқын әңгіме болды. Кешегі тарих пен бүгінгі күннің арасын жалғап жататын мұндай кездесулердің берері мол деп есептейміз. З.Алшымбаевпен болған шара, қоғам қайраткері И.Елекеевтің Атырау мұнай-газ университетінің студенттерімен жүргізген кездесу шарасы өте жоғары ұйымшылдықпен өтті. Міне, осындай шараларды алдағы уақытта да жалғастырамыз.

Өздеріңізге жақсы таныс, Алматыда Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоры бар. Біздің мақсатымыз ортақ. Сол себепті де алдағы уақыттарда осы «Мұнайшы» қорымен бірлесе жұмыс жүргізу үшін әріптестік Меморандумына қол қоймақшымыз. Сонда ардагер мұнайшылардың басын қосатын екі орталықтың жұмыстары одан әрі жандана түсері даусыз.

– Филиал ардагер мұнайшыларға қолдау көрсетеді деп қалдыңыз. Коммерциялық ұйым емессіздер, қаражат көзі қайдан?

– Жоғарыда тиімсіз деп консервацияға қойылған мұнай кеніштерін толық зерттеу, толықтай игеру, демек, қалған өнім қорын сарқа алу деген ойымды айттым. Алынған өнімді өткізу арқылы пайда табамыз деген жоспарымыз да бар. Түскен қаражат қайырымдылық, демеушілік шараларына арналмақшы. Әрине, бастапқы кезде демеушілердің көмегіне жүгінеміз. «Көш жүре бара түзелмей ме?», жұмысты бір жүйеге келтіріп алған соң өзімізді-өзіміз қаржыландыра аламыз деген ойдамыз.

– Сұхбатымыздың қорытынды сұрағына келсек. Бірлестіктің жұмысына қызығушылық танытқандар қайда хабарласа алады?

– Аталмыш бірлестіктің Атырау облысындағы филиалы мұнайлы өңір-Атырау қаласындағы іргелі кәсіпорын – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінің 1-қабатында орналасқан. Өзірге штатта екі адам қызмет етеміз. Жұмыс уақытымыз – бес күндік, жергілікті уақыт бойынша 09.30-19.00 сағат аралықтарында кез-келген адам бізге хабарласа алады. Бірлесіп жұмыс істейік деген әрбір адамға есігіміз қашанда ашық екенін айтқым келеді.

– Рахмет. E

Өткен жылда мұнайшы ардагерлерді елең еткізер оқиғаның бірі – «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылуы болды. 2019 жылдың 1-шілде айында мемлекеттік тіркеуден өтіп, өз жұмысын бастаған бірлестіктің негізгі ұйымдастырушылары: ҚР Энергетика министрлігі мен KazEnergy Ассоциациясы, «ҚазМұнайГаз» ҰК»АҚ. Жыл соңында аталмыш бірлестіктің бөлімшесі мұнайлы өңір-Атырау облысында ашылып, іс басына ардагер мұнайшы Мақсым Шафиұлы Ізбасов келді. Сұхбатымыздың қонағы аталмыш бірлестіктің алға қойған мақсаты мен жұмыстары жөнінде ой бөлісті.

– Бұған дейін елімізде ардагерлер бас қосатын бірнеше ұйымдар тіркеуден өтіп, бүгінде олар сәтімен жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сіз жетекшілік ететін орталықтың өзгелерден өзгешелігі бар ма?

– Сұраққа жауап бермес бұрын, сәл артқа шегініс жасасам. Бізге мұндай бірлестік неге керек болды? Қандай мақсатты алға қойып отырмыз? Ардагерін, үлкенін сыйлаған халықпыз. Біз үшін көрген, түйгені мол ардагерлердің айтары, олардың кеңестері құнды. Өзінің бар саналы ғұмырын ел экономикасының қалыптасып, оның дамуына арнаған ардагерлеріміздің еңбектерін бағалау, оларға әрдайым құрмет көрсету – біздердің парызымыз. Ардагерлердің еңбектері қандай құрметке де лайық. Оларға деген қамқорлық шаралары ешқашан бәсеңсімесе керек. Сол себепті, еліміздің мұнай-газ саласында елеулі еңбек сіңірген ардагерлеріміздің «өмірлік мектебін» бүгінгі мамандарға таныстыру, көпшілікке жария ету мақсатында осындай бірлестік құрылды. Осы бірлестіктің Атырау облысы бойынша құрылған филиалы өзінің жұмысында мұнайлы өңірдегі мұнай-газ саласына маманданған барлық кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуды көздейді. АМӨЗ, Казтрансойл, Теңізшевройл, NCOC компаниялары және осы саладағы сервистік қызмет көрсететін мекемелермен де әріптестік байланыс орнатпақшымыз.

Жұмыскерлер сауалдарына жауап

1. Сұрақ: «Интертичке» қаралған уақытта көп керекті дәрілерді бермейді, соның ішінде керекті аллергияның дәрілері неге бермейді?

Бұрын «Медикер» дәрілердің бәрін беріп келген болатын (К.Декеев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5 – дәрежелі автокөліктер жөндеушісі):

Жауап: «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Интертич» компаниясы арасындағы келісімшарттың 5-қосымшасы «Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босатудың негіздерінде» көрсетілгендей, кей жағдайда аллергиялық ауруларға қатысты медициналық көмек көрсетілмейді. Атап айтсақ: біріншіден, аллергиялық диагностика жасалмайды (терінің қышуы ауруынан басқа), екіншіден, аллергиялық ауру асқынып тұрмаған жағдайда.

Демек, Сақтандырушы аллергиялық аурудың белгісі (алғашқы көріністері) байқалған жағдайда медициналық көмекке жүгіне алады. Ал, созылмалы ауру түріне (хронический) байланысты жоспарлы түрде ем алу – сақтандыру жүйесіне кірмейді.

2. Сұрақ: Көк түсті арнайы киімдеріміздің, дәнекерлеушілердің киімінің сапасы өте төмен, жұмыс уақытында, әсіресе, күн жылы мезгілде терлейміз, соған шыдамай киімдеріміз тозып түсі өңіп кетіп жатыр. Сонымен қатар, көбіне киімнің өлшемі келмей қалып жатады. Осы мәселелерді қадағалауды сұраймыз (А.Кенжебаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының Қисымбай кен орны бригадасының 5 разряд қабат қысымын қолдау операторы, А.Аймишев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №3 Батыс Прорва кен орны бригадасының 5 разряд тоқпен-газбен дәнекерлеушісі, О.Жұмашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 4 разряд тоқпен-газбен дәнекерлеушісі, С.Исаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ 5 разряд технологиялық қондырғысының операторы, А.Мусиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 6 разряд машинисі, М.Аскабылов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 Қосшағыл

мұнай және газ өндіру цехы Қосшағыл мұнай және газ өндіру бригадасының мұнай-газ өндіру және конденсаттау жөніндегі шебері):

Жауап: Арнаулы киімдер шеберлер, цех және учаске басшылары қол қойған тапсырыстарға сәйкес бюджеттік бағдарламалар администраторларының (АБП) өлшеміне сәйкес тігіледі. ӨТҚЖЖК басқармасы қоймаларына арнаулы киімдер келіп жеткен кезде мемлекеттік стандартқа және техникалық сипаттамаларға сәйкестігі тексеріледі, содан кейін ғана арнаулы киімдер қабылданады. «Ембімұнайгаз» АҚ-да жұмысшыларды арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге де жеке қорғаныс құралдарымен қамту жөніндегі нұсқамада» әр жұмысшы мамандығы бойынша арнаулы киімдердің стандарттық талаптары анық көрсетілген. Мәселен, Сәйкестендіру сертификатында бекітілгендей, әр жұмысшы мамандығының арнаулы киімінің матасына, мата құрамына сәйкес қабылданады және оның отқа төзімділігіне баса назар аударылады.

Киімдердің өлшемінің сәйкессіздігіне келер болсақ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-де «Жанарыс» ЖШС және «Жамал-ай» ЖШС-нің арнаулы киімдерін жөндеу және өлшемге сай қысқартатын арнайы тігін цехтары жұмыс істейді.

Барлық арнаулы киім, жоғарыда аталған нұсқамада (және оның бюллетендерінде) көрсетілген мерзімге сәйкес беріледі.

3. Сұрақ: Менің сұрағым арнайы аяқ киім жөнінде болып отыр. Жазғы аяқ киім өте ыстық, орнына қысқа ботинка неге берілмейді (А. Құрмашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 3 Батыс Прорва кен орны бригадасының 5 разряд мұнай және газ өндіру операторы):

Жауап: Ембімұнайгаз» АҚ-да жұмысшыларды арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге де жеке қорғаныс құралдарымен қамту жөніндегі нұсқамада маусымдық аяқ киімдердің стандарттық талаптары анық көрсетілген.

Бұл жұмысшылар қауіпсіздігі үшін қолға алынды. Аяқтың жарақаттануын болдырмау үшін және улы жәндіктер мен жыландардың шағып алуының алдын алу мақсатында қонышты аяқ киімдер сатып алынады.



4. Сұрақ: Соңғы кездері электродтың сапасы нашарлап кетті. Осы мәселені бақылауға алсаңыздар (А. Аймишев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 3 Батыс Прорва кен орны бригадасының 5 разряд тоқпен-газбен дәнекерлеушісі, О.Жұмашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 4 разряд тоқпен-газбен дәнекерлеушісі):

Жауап: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ережесіне сәйкес отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы бағытында, компанияға қарасты өндіріс орындарында пайдаланатын әртүрлі маркалы электродтарды отандық тауар өндіруші мекемелер («Электрод СК» ЖШС, Қарағанды қ-сы, «Бағұл» ЖШС, Тараз қ-сы т.с.с.) жеткізіп беруде. Өндіріс орындарынан түскен ұсыныс талаптарды назарға ала отырып және электродтардың сапасын одан әрі жақсарту мақсатында ағымдағы жылда тендерге шығарылатын электродтардың техникалық сипаттамасында отандық тауар өндірушілерден тендерге тапсырыс берген уақытта, өндіріс орындарында сынақтан өткізу үшін ӨТҚЖЖК басқармасының қоймасына 20 кг электрод жеткізіп беруді міндеттеп отырмыз.

Тендерге қатысқан мекемелердің әкелген электродтарын жедел түрде өндіріс орындарына жіберіп, инженер-техник (инженер-механик, механик), электрогазбен дәнекерлеуші мамандардың қатысуымен сынақтан өткізіп, сол жерде кесім жасақтаймыз. Электродтың сапасын тексеру сынақ қортындысымен жасақталған кесім бойынша тендер комиссиясы қорытынды шешімін береді. **Е**

Ембіге сапар

«Қара май» тарихы мұражайда...

Қазақстан мұнай өнеркәсібінің бастауында тұрған – «Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті мұражайының ашылғанына биыл бес жыл. Мұражайдан қазақ мұнайының тарихы туралы мағлұматтарды, Атырау облысының аумағындағы – Ембінің кен алаңы-Қарашұңгіл жерінен алғаш мұнайдың табылуы және Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қалыптасуы мен «Ембімұнай» тресінің құрылғаны туралы деректерді табуға болады. Технологияның соңғы үлгісімен жабдықталған интерактивті мұражайымызды тамашалаушыларымыздың алған әсерімен бөліскенді жөн көрдік.



– Меня впечатлило посещение музея, в котором органично слились история нефти, накопленный опыт и цифровые технологии! Было приятно наблюдать, что в музее бережно хранят память о каждом сотруднике, внесшем вклад в развитие компании и отрасли в целом. Особенно впечатлила зона «Интро» и очки с виртуальной реальностью. Если ранее нефтегазовая отрасль мне казалась узкоспециализированной, в этом музее я многое узнала об истории казахстанской нефти. У нее оказалась такая интересная история развития и становления, свои герои, свое прошлое и свое будущее.

Уверена, что такие музеи необходимы по каждой значимой отрасли в Казахстане и посещение их должно стать обязательным в школьной программе.

Асем КОЗБАГАРОВА,
директор ТОО «Skyway»

– Соның ішіндегі туристерді тамсандырған нысанның бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ-ғы «Интерактивті мұражайы». Облысымыз «Мұнайлы астана» болғандықтан, туристер үшін мұнайдың тарихымен танысу өте қызық болды. Бұл мұражайда көне заманнан бастап қазіргі уақытқа дейінгі мұнайдың тарихы туралы толық ақпарат заманауи түрде көрсетіліп, таныстырылды. Көне бабаларымыз «Қара май» деп атаған мұнайымыздың қалай және қашан пайда болғанын, әсіресе күнделікті тұрмыста және соғыс кезінде қалай қолданылғаны жөнінде үлкен ақпараттар берілген.

Бұл мұражай өз кезегінде өсіп келе жатырған ұрпаққа мұнайлы астананың тарихын біліп, танысуға үлкен мүмкіндік.

Қарлығаш БЕКБАЕВА, Атырау облысы Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары

– В экскурсии по музею «Эмбамунайгаз» мне понравилось всё! Особенно то, что он оформлен с помощью цифровых технологий и создается впечатление, будто-то ты побывал в прошлом. Я отлично провел время!

Рахымжан БАУЫРЖАНҰЛЫ, ученик школы-лицея «SilkWay»

– Было очень завораживающе увидеть все в 3D формате. Об истории нефти мы узнали с помощью интересных технологий и занимательных макетов. Это реально было круто. Я получила много информации, как и откуда зародилась нефть, когда ее начали добывать в Казахстане. Узнала многое про достижения известных нефтяников. Словом, экскурсия мне очень понравилась!

Тамирус ОПАЗОВА,
ученица школы-лицея «SilkWay»

– В первую очередь хочу поблагодарить компанию «Эмбамунайгаз» за организацию экскурсии в интерактивный музей для детей своих работников. Я пришел туда большой компанией, со своими братьями и сестрами. Нам было очень интересно узнать, как добывается нефть. Увидеть макеты нефтяных вышек, качалок, посмотреть историю нефтяной Эмбы в формате 3D. Наши дедушки и бабушки всю свою жизнь работали нефтяниками. Когда мы нашли их имена на интерактивной доске нас переполняло чувство гордости. Там было имя и моего дедушки Рахметова Махаша. Он очень добрый и очень умный. Когда я вырасту, то буду, как и он – нефтяником!

Батырхан МАКАШЕВ,
ученик школы №17

– Маған мұражайға экскурсия ұнады. Көптеген жаңа ақпарат білдім, мұнайдың қалай алынатынын және туылған жерін, баяғыда адамдар мұнайды арбаның дөңгелегі үшін қолданды және мұнайды алудың түр-түрі болғанын, баяғы кезде адамдар мұнайды қалай алғанын білдім. Мұнайдың басқа елдерге түрлі-түрлі жолдармен жіберілгені. VR-көзілдірік ұнады бәрі нақты көрсетілген. Көптеген ардагерлердің қандай үлес қосқанын білдім. Мұнайдың қалай алынатынын білдім. Маған бұл экскурсия қатты ұнады.

Бекзат МАМЫШЕВ,
«SilkWay мектеп-лицейінің» оқушысы

– «Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті музейіне оқушыларды бірнеше мақсатты көздеп алып бардық. Олар: мұнай туралы толық ақпарат алу (шығу тарихы, қай жерде қолданатыны), оқушыларға мамандық таңдауға жәрдем беру және ақпаратты технологиялардың дамып жатқанын көрсету. Көздеген мақсаттарымызға жеттік деп ойлаймын. «Ембімұнайгаз» ұжымына алғысымызды білдіреміз.

Ықылас ШЕРМАҒАМБЕТ,
«SilkWay мектеп-лицейінің» мұғалімі. **Е**

#Артық_болмас_білгенің

Қыстың ызғарлы күндері көпшілігіміз көп жұмысқа ынтасыз селсоқтау қарайтынымыз рас. Бірақ, күннің суықтығына қарамастан міндетті тірліктер де бар. Ол – үй тірлігі. Үйдің тірлігі – ер мен әйелге ортақ шаруа. Бірлесе атқарған шаруаның өзі өзара сыйластықты арттырса керек. Алда көктем мерекелері келе жатыр, қыдырыспен бірге үйге келетін қонақтар қатары да көбейеді. Жұмыс тірлішілігімен жүрген көпшілігімізге артық болмас кеңес – үйді ретке келтірудің қарапайым әдісі. Егер кезекті үйдің толықтай тазалық шаруасы жайлы ойдан жасқанып тұрсаңыз, осы кеңесті қолданып көріңіз.



МӘСЕЛЕНІҢ НЕГІЗІ

Үй жинаудан кейінгі тазалық ұзақтығы көпке созылмайтынын мойындайтын шығарсыз. Ерте ме, кеш пе бәрібір сізге заттарды орнына қойып, қажетсіздерінен арылып, шашылған жерді қайта жинауға тура келеді. Алайда, шешімі бар.

ҮЙІЗДЕГІ ҚАЖЕТСІЗ БІР ЗАТТАН АРЫЛЫП ОТЫРУДЫ КҮНДЕЛІКТІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ.

Бұл сынған немесе бұзылған майда-шүйде зат болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, пәтердің кескінін кетіріп, көрер көзге түрпідей тиетін зат. Бұл тазалық сіздің күнделікті бар болғаны бірер минутыңызды алады. Десе де, аталған әдіс сіздің пәтеріңізді ұзақ уақыт бойына тазалықта ұстап тұрады.

БҰЛ ӘДІСТІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУ КЕРЕК?

1 УАҚЫТТЫ АНЫҚТАҢЫЗ

Әдістің тиімділігін тексеру үшін бір ай бойына үздіксіз жасап тұрыңыз. Ұмытып кетпеу үшін кішкене қағазға жазып, өзіңізге көрінетін жерге жабыстырып қойыңыз. Алайда, осы уақыт аралығында бүкіл пәтердің тазалық жұмысына кірісіп кетіп жүрмеңіз. Ең алдымен, нәтижеге назар салыңыз.

2 БАР НАЗАРЫҢЫЗДЫ БІР ОРЫН НЕМЕСЕ БӨЛМЕГЕ БАҒЫТТАҢЫЗ

Пәтеріңізде жанына жақындауға жүрегіңіз дауаламайтын, аузы мұрнынан шығуға айналған сөре бар ма? Содан бастаңыз. Күнделікті бір затты болса да реттеп отыру қыруар еңбекті талап етпесі анық. Сөре ретке келгенде ғана басқа жерді жинауға кірісіңіз.

3 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСЫҢЫЗ

Егер сізде жақсы күйдегі, бірақ қажетсіз заттар болса, оны бөлек сөмкеге салып, жинап қойыңыз. Мүмкін, ол әлдекімге қажет болып қалар.



Осылайша, сіз үйді ғана тазалап қоймай, мұқтаж жандарға қол ұшын соза аласыз.

4 ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАРАСТЫРУ

Бұл әдістің көмегімен сіз алдағы уақытта қандай заттарды сатып алудан аулақ болуыңыз қажет екенін түсінесіз. Бір типті киім мен бір пішінді ас үй заттарынан арылып жатқаныңызды байқасаңыз, келесі жолы оларды қайта сатып алуға ынтаңыз болмауы мүмкін.

5 ӨЗІҢІЗДІ ШЕКТЕМЕҢІЗ

Лақтыратын (беріп немесе сатып жіберуге де болады) заттарыңыз көп болып кетсе, өзіңізді шектемеңіз. Осылайша, сіз мақсатқа бір адым жақындай түсесіз.

6 АЛҒАН БЕТІҢІЗДЕН ТАЙМАҢЫЗ

Егер сіз керексіз заттарды тастамаасаңыз, үйде қайтадан құл-қоқыс көбейе бастайды. Осыны ұмытпаңыз. **Е**



АНЫҚТАМА:

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmger.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;
Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;
Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Реформа» баспаханасы
Мекен-жайы: Алматы қ., Ақбұлақ м/а, Шарипов көш, 40 Б.
Байланыс телефондары:
+7 (727) 344 10 14, +7 (727) 327 61 67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі